

Облыстық С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы



Электронды пошта: labrari@mail.ru

Сайт: www.aktobeoub.kz


Телефондары: 50-44-48; 53-01-10.

Бейбішілік даңғылы, 17.


Жиенбаев

ЗАГС

АК
ТОЛҚЫН



**„ЖАЗУШЫ“ БАСПАСЫ
АЛМАТЫ – 1967**



**САФИ
ЖИЕНБАЕВ**



**Өлеңдер
мен
толғаулар**


**АҚ
ТОЛҚЫН**

Каз 2

ж 60

Ақынның бұл кітабына оның соңғы жылдары жаған елеңдері мен шағын дастандары кірді. Өз замандастарының ұлылығы, асыл арманы, таза махаббаты — Сағи жырларының темірқазығындай ерекше көзге түседі. Бұл жинағында да ақын адам жанын дәріптеп, оның ұлы жүргегін төбірене жырлайды.

*



ДАЛА ӘУЕНДЕРІ

* * *

Көп болды ғой мінбегелі құр атқа,
Шарт түйіліп шықпағалы қыратқа.
Асауларды ақ сорпа ғыл келетін —
Кайран кездер қалып қойды жыракта.

Сол бір кезді еске алушы ем сағына,
Міне, бүгін кездестім мен тағы да.
Көңлім толқып, көрейінші дедім де,
Создым қолды көкбестінің жалына.

«Сен сағынсан, мен де сені сағындым,
Мен де көптен шабысынан жаңылдым.
Кең даламда көсіліп бір көрейін,
Шықтай жүрген терін алышы жаңымның.

Арқыратып ат мінбеген — кісі ме,
Кісі еместің біздерменен ісі не?!

Құмарыңды тарқатшы бір, баурым,
Әкетейін көк сағымның ішіне!..»

Дегендей ол, ауыздағын тістеніп,
Тұла бойын кетті оның да қүш керіп.
Неде болса басып қалдым қамшыны,
Жалғыз тамшы жанарымнан түсті еріп.

Кете бардым азыната жарып жел,
Көз алдында бұлдырайды сары бел,
Жаны қалмай қолын созып тұс-тұстан
«Байқашы!..» деп дауыстайды қалың ел.

Қыз-келіншек — жарагандай ак гүлден
Сол бір сөзді қайталайды тәтті үнмен,
Бір көгілдір дүниені бетке алып,
Ақ жұлдыздай ағып бара жаттым мен.

Шыр айналып, мені сүйіл-құшардай,
Бір қарлығаш келеді алға түсе алмай.
Айдалада құласам мен кенеттен
Канатына мінгізіп ап ұшардай.,

Көз алдында мөлдіреп бір тұрды шық,
Кең жазықта ағып барам нұр құшып.
Мен жығылып қала ма деп абайсыз
Тұған далам келе жатты бірге ұшып...



Бозторғай

Әдейі мынау қыр үшін
Оянып таңың алдында,
Далаңың сансыз дыбысын
Көмейге құйып алдың ба?

Самалдың жұтып мәлдірін
Шаншылып көкке шыққанда,
Далаңың мына кеңдігін
Айтасың ба ақша бұлтарға.

Карайлап төмен сонда да
Көзіңді жерден жазбайсың.
Өзің де кенет сорғалап,
Құйылып қетे жаздайсың.

Тынбайды жырың толастап,
Осынша қайдан бітті күш,
Табиғат өзі о баста
Далама берген құтты құс.

Жанымда бір күй дірілдеп,
Тұрдым-ау балғын сезімде,
Кеудеме сіңген бір үнді
Қайталап айтқан кезінде.

Төгілте шырқап әнінді,
Бозала таңан құлшынып,
Кеттің-ау қозғап қанымды,
Кінәсіз құйттай тіршілік!

* * *

Асланда сәл себезі бар ак танның,
Жыршы құсы жаңа оянды бақтардың.
Таңғы ауада,

тұған үйді жастанып,
Боз саулеге оранып ап жатқанмың.

Көк жүзінен көп жұлдыздар тараған,
Жас шалғынның шығады исі даладан...
Таңдан менің қасыма көп, шашымды
Үнсіз ғана сипап отыр жан анам.

Ес білгелі талай көктем өтті алдан,
Талай рет жапырағын текті орман.
Менің мынау шашымда да, осылай
Ана қолы тимегелі көп болған.

Содан ба әлде, көкірегім жылынып,
Өн бойымда бір ыстық қан жүгіріп,
Бүкіл денем еріп бара жаткандай
Саусағының аясына тығылып.

Өсіпті ғой бұған дейін бекер бой,
Күа берсең ой түбіне жетер ме ой.
Біреулерге пана болып жүрсем мен
Өзім де әлі балапан-ақ екем ғой...

Алақанат құстар етті ағылып,
Жата бердім бозғыл қөкті жамылып.
Анашымның қасындағы бір сэтте
Бойымдағы бар жүгімнен арылып.

Сол таңда бір балғын ойға баттым-ау,
Болмағандай көңілімде дақ қылау,
Армансыз бір дүниеге кіріп-ап,
Алаңсыз бір үйқылы-ояу жаттым-ау.



Еснерткіш жайлы баллада

I

Бір кезде —
ауыл қасында
Болатын жасыл тәбешік,
Тәбешің ылғи басында
Тұратын қоңыр жел есіп.

Тұратын жалғыз,
сол елге
Секілді мықты қарауыл.
Оттары маздалап, тәменде
Жататын бейбіт бар ауыл.

Себездеп арай таңымыз
Сол тәбе жактан ататын.

**Сол еді біздің — тауымыз,
Сагымдар ойнап жататын.**

**Караша туса,
ентелеп**

**Кар соған алғаш төгетін.
Көгеріп басы ертерек,
Құстарды да ерте көретін.**

**Шырқалып эн мен күй біткен,
Ойын-той сонда өтетін,
Жабысып бір-бір жүйрікке
Жігіттер таңан жететін.**

**Үйрендім сәби көнліммен
Алысқа содан қарауды,
Ең алғаш сонда көрдім мен
Аспанға тіккен жалауды...**

**Сонау бір нұрлы көктемде,
Қайысып тұңғыш жер үсті,
Тәбеміз көкке жеткенде,
Тойладық сонда Женісті!**

**Қосылып сонда елменен,
Көзімді тұңғыш ілмегем...
Дүниеде сол бір төбеден
Биік жер бар деп білмен!..**

II

Есімде —
қарттар жиналып,
Әңгіме-дүкен құрысты.
Келісіп,
бәрі үйғарып,
Бастады тосын бір істі.

Ойласар істің көбі анық,
Сөз етті елдің ас-шәйін.
Қайта да қайта оралып,
Көбірек айтты тас жәйін.

Білмеймін — оның сыры не,
Күңгірттеу маған ол жағы.
Тас керек болса шынымен,
Тау болып жатыр көл маңы...

Құлаққа бір сөз шалынып
Калғасын,
шалдар жатар ма,
Азығын тиеп, ағылып,
Аттанды бір күн сапарға.

Аттанды түйе, арбамен
Астына көрпе төрт бүктеп.
«Тығыз бір кажет шаруамен
Манғыстау тартып кеттік» — деп...

— Кетті ме сонда сан айға?
— Маңғыстау қайда?
— Канша жер?..

Көздерін сүзіп қарайлап,
Керуенді күте шаршады ел.

Тоңазып өзен, жылғалар,
Таңғы шық жапты көгалды.
Бір күндер — кайтқан тырнадай
Тізіліп қарттар оралды.

Өзгертіп ұзак жол түрін,
Тотықкан жүздер желменен,
Арбаға тасты толтырып,
Түйеге сықап теңдеген.

Көздері жайнап, қызынып,
Қелгесін ісін тындырып,
Сапарда көрген қызығын
Айтып та жатыр жыр қылып.

Бітнеді шалдар дастаны,
Жалықпады оған ел тегі.
Ал, анау жұмбак тас жәйі
Өзінше ғажал ертегі.

Олардың сондағы айтқаны —
Оны іздең ешкім таппайды.
Секілді шының ақ қары,
Суга да салсаң, батпайды.

Жауынды көзге ілмейді,
Дауылдар соқсын қыңбайды.
Маздаған отқа күймейді,
Найзағай түссін сынбайды!..

III

Кай үйге барсан,
алдыңиан
Шығады көне бір адам,—
Барлығын қойып,
тағдырдан
Бір өнер бер деп сұраған.

Өйткені, мұнда жігіттік
Өнермен ғана өлшениген.
Жігітке ғана,
уміт қып,
Тілеуін тілеп, ел сенген.

Сол үшін өнер қызығын
Жасынан бойға жинаған.
Жарына деген жүзігін
Өздері соғып, сыйлаган.

Жалғасып жатқан қашаннан,
Сакталып қалған сол мұра,
Аталар қолдан жасаған
Адамша сөйлер домбыра.

Кетпейді балғын ірекнен
(Жетпейді соған ой әлі,)
Эжемдер
 салған кілемнен
Элемнің алпыс бояуы...

Қарайма алыс-жақынға,
Құлшынып көңіл тұрса егер,
Әдайі,
 қарттар макұлдаپ,
Экелді тағы бір шебер.

Көтерді басқа оны ауыл
Өнерді құдай көретін,
Алақанға ұстап қонағын,
Алдына барын төгетін.

Ал, мына келген кісінің
Өнері жүрттан басқарак,—
Айытпай адам мұсінің
Салады, дейді, тастан-ак.

Адамның өзін
 колменен
Жасайды, дейді , бұл шебер.
Ондайды бұл жер көрмеген,
Көзімен көрмей, кім сенер!..

Ай жатты содан, жыл жатты,
Айналып жатты тіршілік.

Жол қылды шебер қыр жакты,
Күн сайни оған бір шығып.

Жыл өтті,
келер көктемде
Жарқырап күнге қеудесі,
Көрінді сонау көк белде
Адамның таныс бейнесі.

Ағылып төбे басына
Тағы да келдік топталып.
Касынан Оның
жас ұлан
Кып-қызыл туды өтті алып.

Балғындар мәз бол жүрді ойнап,
Күліндай шарлап даланы.
Даланы шолып,
түрдү ойда
Лениннің таныс жанары.

Жаз кіріп қарттың жанына,
Киді алып таза жейдесін,
Әдейі бүгін аулына
Лениннің өзі келгесін.

Кішкене біздің аумыл да,
Қөтерді биік тұлғасын,
Күлімдеп бүгін жанында
Көсемнің өзі тұрғасын..

Кызықтап соны неше күн,
Касынаң кетпей жүрді елі.
Көтерді күнге көсемін
Даланың балғын гүлдері!

IV

Кейіннен —
сол бір бейнені
Көрдім мен талай аскардан.
Осынау ұлы жердегі
Жасалған асыл тастардан.

Қанша жыл
барын аямай,
Құдіретін төккен қанша өнер,
Сан рет сипап,
аялап,
Өрнегін салған сан шебер.

Құбылтып бояу тусін де,
Құйғандай таңың нұрынаң,
Көрдім мен сондай мұсінді
Кавказдың қарлы шынынаң.

Олардың жоқ қой кемісі,
Салғандай сан жыл дәптерге...
Айрықша бірак,
мен үшін
Ауылда тұрған ак бейне.

Көрінеді әлі көзге айқын,
Бастайды сол бір жаққа жол.
Тас емес,

мәңгі төзбайтын
Жарапан махаббаттан ол!



* * *

Көктемнің балғын кезі еді,
Әнші құс көкте ағылған.
Жемнің де жасыл өзегі
Көгілдір мұнар жамылған.

Сондай бір күннің бірінде
Жағаға қеліп жаттым да,
Саусағым басы дірілдеп,
Атыңды жаздым ақ күмға.

Білмедің бірақ, сен де оны,
Ол жәйді ешкім білмеген.
Со бойда тентек жел қолы
Жасыра салған құмменен..

Қоштасып қырлар көп гүлмен,
Жер бетін қырау жапқанда,
Атыңды жазып кеттім мен
Алғашқы жауған ақ қарға.

Түспеді көзің оған да,
Саған да бірақ, жоқ өкпем,
Сол күні соққан боранда,
Жар басыл қалған кенеттен.

Гүл жапты талай беленді,
Бұрқады талай ақ боран...
Атыңды сенің мен енді
Кеудеме жазып сактағам.

Сактаулы сонда бейнең мен
Сонау бір балғын күлкің де.
Енді оны менің кеудемнен
Өшіру, сіра, мүмкін бе!..



* * *

Жыл сайын —
қырда гүл жүзіп,
Жайнаған кезде дүние,
Кеудемді желге сүйгізіп,
Келемін туған үйіме.

Сүйгізіп беттен, мұрыннан,
Жарысып, иық қағысып,
Артымнан ерген құлындар
Аунайды маған жабысып.

Қуанам — бойым көкке асып,
Жан-жагым шуға батқанға,
Ортайып қалған от басы
Толысып келе жатқанға.

Кездесе ме ылғи шақ мұндей,
Көңліне нұрлы жаз қонып,
Ортада жалғыз аккудай
Отырады анам мәз болып.

Қалмайды мұнның ізі де,
Ұмытқан оның барлығын...
Сан рет қарап жүзіме
Сұрайды денім саулығын.

Сұрайды сосын арнайы
Жекелеп барлық досымды,
Бүгінде қалай хал-жайы,
Бөбектер қанша қосылды?

Сұрайды жарын-жолдастын,
Соларға деген құрметтей,
Қажеті болсын-болмасын,
Бір сұрап өту — міндеттей.

Сұрайды өзі білетін —
Бір үйдің жалғыз ерке ұлын,
Өзіне келіп жүретін
Көршінің ашық кемпірін.

Айтамын бәрін қалдырмай,
Жаққасын бұл жыр құлакқа.
Ақыры —

жауған жаңбырдай
Таусылады әбден сұрақ та.

Қызарып ыстық шайменен,
Қадалып үнсіз отқа көп,
Қарайды бір кез жәйменен:
«Әкеңнен хабар жоқ па?..» деп.

Таппаймын сөз де бұған түк,
Тимейді оңай бұл маған.
Көзімнің алды мұкартып,
Кінәлі жандай қиналадам.

Соққандай сұық жел бетке,
Арылмай сол бір қінәдан.
Мен де оны мынау жер-көктен
Отыз жыл бойы сұрагам,

Сұрагам —
жасыл белдерден
Бесіктен шығып үшқаннан,
Көгеріп жатқан көлдер мен
Көктемде қайтқан құстардан.

Жердегі орман-тоғайдың
Талайын шарлап, таптағам.

**Бұл жәйлі бірақ,
олардың
Біреуі бір тіл қатпаған...**

**Анамның жүзі бұзылып,
Жарқылдаپ жүрген әлгіде,
Тап осы жерде үзіліп,
Токтайды барлық әңгіме...**

**Жаңымды мениң шымшылап,
Жауар бұлт құсал бүгін де,
Жауапсыз қалған бір сұрак
Жатады көніл түбінде...**



Ақ бидай туралы аңыз

**Жалпақ жатқан әлемге
Жетті Күннің дәuletі.
Күн болғасын, әуелден
Көп болды оның әuletі.**

**Барлық ой мен қырқаны
Толтырды ылғи ақ нұрға,
Өйткені оның ұрпағы
Өсті Жердің баурында.**

**Өсті Жерде мың түрлі
Өсімдік пен теректер...**

Көкке қарай ұмтылды
Күннен туған бөбектер.

Көрінсе олар көзіне
Текті аямай бал нұрын.
Жаны қалмай,
 өзі де
Жақсы көрді барлығын.

Сүйді бірақ, ерекше
Жас Гүлі мен Бидайын,
Олар үшін, керексе,
Жан беруге Күн дайын.

Олар десе, өзінің
Күн екенін ұмытып,
Тұратындаі көзінің
Қалмаса да нұры түк.

Мұны сезген Көршілер
Күңкіл-күңкіл сөйлесіп,
«Бұл мінезі ерсі» деп,
«Күннің өзін қой!..» десіп,

Айтты ақыры:
 — Күн мырза,
Ұл-қыздарың мұлде көп,
Гүл сұлуға біз де ырза,
Оның орны бір белек,